

Жаңа Жолдау - Жолдау 2020

игі істер бастамасы

2020 жылы 1 қыркүйекте Парламенттің кезекті сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жеткізді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген болатын.

Жолдауда айтылған басты мәселелердің бірі «Қолжетімді әрі сапалы білім» беру ісі. Мемлекеттің тек дарынды оқушыларды қолдауы, балалар арасында әлеуметтік ара-жікті ұлғайтуға жол бермеу керектігін, мемлекет қарапайым мектептерге барынша қолдау көрсетуі тиіс, сондай-ақ, бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты болдырмаудың бірден бір жолы деп атап көрсеткен болатын.

Сонымен қатар «Кәсіпкерлік негіздері» пәні мектептен бастап жоғары оқу орнына дейінгі барлық білім беру сатысында оқытылуы тиіс.

Қыркүйек айында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Педагогика және филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 5В011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Жаңа Жолдау - жарқын болашақ кепілі» тақырыбында вебинар өткізілді. Вебинарды ұйымдастырып өткізуге топ кураторы А.Ә.Абдуллина ат салысып, жолдауда айтылған маңызды тапсырмалар туралы студенттермен ой бөлісті.

5В011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В012100 «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының 3 курс ҚБ-31, БҚТ-31 топтарында топ кураторы Г.К.Айдарованың ұйымдастыруымен «Жолдаудағы маңызды тапсырмалар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде топ студенттері Айзере Қанаш, Жансая Әбікен, Ернар Төлеуов, Үмітхан Сетерхан Жолдауға қатысты тапсырмалардың орындалуына байланысты өз пікірлерін білдірді.

Бүгінгі таңда пандемияға байланысты мектеп оқушылары мен студенттердің көпшілігі қашықтан оқуын жалғастыруда. Сондықтан да қолжетімді әрі сапалы білім беру үшін қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруға қатысты мәселелерді қарастырып, онлайн білім беру платформасын әзірлеуді тапсырған болатын, қазіргі таңда бұл мәселе де оң шешімін табуда.

Сонымен қатар жолдауда айтылған мәселелердің бірі - өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетін жақсарту, олардың күш жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттап отыру аса маңызды іс, бұқаралық спорт, дене тәрбиесін жетілдіріп әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу жұмыстарын жүргізу кезек күттірмейтін іс екендігін айтқан болатын.

Сондай-ақ ғылым саласын дамыту туралы «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін грант бөлу, қаржыландыру, қолдау мәселелерін шешу, ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің ғылыми қызметіне қолдау көрсету істерінің шешімін табуы мәселелерін қолға алу қажет деп атап көрсетті.

Сонымен қатар Жолдауда айтылған тағы бір маңызды мәселе - ұлттың жаңа болмысы туралы. Қазіргі міндет халқымыздың жаңа болмысын қалыптастырып, тұтас ұлт сапасын арттыру, адам мен қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Яғни жаңарған ұлт қана жаңғырған ел жетістігін жаһан жұртына таныта алмақ. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі тиіс. Яғни, биік мұратқа жетелейтін еңбек деген ұлы ұғымды әр азаматтың санасына сіңіру біздің басты борышымыз.

Бірлігіміз бен ыңтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп мақсатымызға жетеміз. Сол жолда еңбек етіп, жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде жұмыла еңбек етейік дегім келеді.

Шынар ӘУЕЗОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
аға оқытушысы, магистр.